

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАМУЫН ҚОЛДАУДАҒЫ ДРАМА ӘРЕКЕТІНІҢ РӨЛІ

ДАВЛЕТОВА А.С.* , ЖАКИМ А. 

*Давлетова Аружан Серикбаевна – Магистрант, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ, Қазақстан

E-mail: arukka0407@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0007-6085-7152>

Жаким Асель – Философия докторы (PhD), аға оқытушы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ, Қазақстан

E-mail: azhakim@zhubanov.edu.kz, <https://orcid.org/0009-0002-6093-2259>

Анатпа. Мектепке дейінгі жас – балалардың ойлау қабілеті, қиялы және шығармашылығы қарқынды дамитын уақыты. Балалардың шығармашылық дамуы олардың ойын әрекеттерінде, тілдік қабілеттерінде, өз пікірін білдірудегі тәуелсіздігінде және әртүрлі проблемалық жағдайларды шешудегі икемділігінде көрінеді. Мектепке дейінгі жастағы шығармашылықты дамыту одан әрі табысты білім алуға және жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға негіз жасайды. Бүгінгі таңда балалардың шығармашылық дамуы маңызды, өйткені ол сыни тұрғыдан ойлауға, стандартты емес шешімдерді табуға және болашақта тиімді әлеуметтік өзара әрекеттесуге негіз қалайды. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту қазіргі білім беру жүйесінің басым және стратегиялық маңызды міндеттерінің бірі ретінде қарастырылады.

Бұл шолу мақаласында мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың тиімді педагогикалық стратегияларына бағытталған заманауи зерттеулер жинақталған. Балалардың когнитивті, әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативті және шығармашылық дамуын қолдаудағы драматургия мен рөлдік ойындардың рөліне ерекше назар аударылады. Зерттеудің мақсаты – мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дамуындағы драмалық іс-әрекеттің рөлін анықтау және теориялық тұрғыдан негіздеу. Ғылыми жұмыстарды талдау драматизацияның балалардың когнитивті, әлеуметтік-эмоционалды және коммуникативті дамуына әсерін анықтауға мүмкіндік береді, сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру тәжірибесінде оның педагогикалық мүмкіндіктерін ашады.

Түйін сөздер: драма, ойын, рөлдік ойын, шығармашылық даму, импровизация, өзіне сенімділік, әлеуметтік дағдылар.

Кіріспе

Қарқынды өзгерістермен сипатталатын заманауи күрделі әлем жағдайында қоғам адамнан жан-жақтылықты, жоғары деңгейдегі шығармашылықты, берілген тапсырмалар мен қойылған міндеттерді дәстүрлі емес, тың жолмен шешетін ізденімпаздылықты, икемді ойлау мен жаңашылдыққа, сондай-ақ үнемі өзгеріп отыратын ортаға бейімделе алу қабілетін талап етеді. Осыған байланысты жиырма бірінші ғасырдағы білім беру жүйесінің басты мақсаты – жан-жақты дамыған, шығармашыл, жаңашыл ойлай алатын тұлғаны қалыптастыру.

Жан-жақты дамыған, көпқырлы тұлғаны қалыптастыру балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытумен тікелей байланысты. Баланы шығармашылыққа қызықтыратын орта қалыптастырып, тиімді жағдай жасау арқылы оның шығармашылық қабілеттерін оятуға болады [1]. Бала әралуан ойын түрлерімен шұғылданса, оның дамуы да қарқынды бола түсіп, шығармашылық қабілеттері де жақсы дамиды. Сондықтан мектеп жасына дейінгі бала үшін ойын, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасау, сондай-ақ әртүрлі өнер түрлерімен танысу әрі айналысу маңызды. Бұл әрекеттер баланың субъект ретіндегі ұстанымын қалыптастырып, интеллектуалдық, эмоциялық және тұлғалық дамуын, мінез-құлықтың еріктілігін, ойлау мен шығармашылық қиялын дамытады [2].

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында драма

әрекетін қолданудың педагогикалық мүмкіндіктерін теориялық тұрғыдан жүйелі талдау өзекті мәселе болып табылады. Зерттеудің мақсаты – мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда ойын, оның ішінде драма әрекеті мен рөлдік ойынның маңызын отандық және шетелдік еңбектерге сүйене отырып, теориялық тұрғыдан негіздеу және драма әрекетінің педагогикалық мүмкіндіктері мен әлеуетін қарастыру. Зерттеу мақсаттарына жету үшін келесі міндеттер қойылды: 1. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту туралы отандық және шетелдік әдебиеттерге талдау жүргізу; 2. Ойын әрекеті, оның ішінде драма мен рөлдік ойынның бала шығармашылық дамуына ықпалын теориялық тұрғыдан негіздеу; 3. Драма әрекетінің мектепке дейінгі кезеңде баланың қиялын, өзіне деген сенімділігін, шығармашылық белсенділігін қолдаудағы педагогикалық мүмкіндіктерді айқындау.

Талдауға мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеті және оны жалпы ойын әрекеті, оның ішінде драма әрекеті, рөлдік ойын арқылы дамыту жолдары қарастырған. Шолуға өзек болған 2017-2026 жылдар аралығында жарияланған отандық және шетелдік ғалымдардың 17 мақаласы. Сонымен қатар іргелі теориялық еңбектер мен танымал ойшылдар мен педагогтардың пікірлері де қарастырылған. Мақалада дереккөздерді талдау әдісі қолданылды. Бұл бағыттағы ғылыми еңбектер мазмұндық және салыстырмалы талдау негізінде сараланып, нәтижелері жүйеленді.

Нәтижелер және оларды талқылау

Мектепке дейінгі кезеңде шығармашылық қабілеттерді дамыту баланың болашақта өзін-өзі жүзеге асыруына, туындаған мәселелерді тиімді шешуіне және тәуелсіз ойлауды қалыптастыруына негіз болады [3]. Тұлғаның бойындағы шығармашылық қабілет тың идеяларды ұсынумен ғана шектелмейді, сонымен қатар шешім қабылдау, креативтілік, дербестік, өз көзқарасын еркін білдіру және әрекетін басқару қабілеттерін де қамтиды [4].

Бұл тұжырымдар білім беру саясаты деңгейінде де өз көрінісін табады. Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында мектепке дейінгі ұйым түлегінің бойында қалыптасуы тиіс негізгі дағдылары нақты айқындалған. Құжатта баланың когнитивтік, физикалық, эмоционалдық, әлеуметтік, шығармашылық дамуы, ізденімпаздығы, бастамашылдығы, өзіне деген сенімділігі, командада жұмыс істей алу қабілеті, коммуникативтік қабілеттері және эмоционалдық жауапкершілігі басым бағыттар ретінде көрсетіледі. Сонымен қатар стандарт тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдылары мен зерттеушілік белсенділігін дамытуға және олардың өзіндік шығармашылық іс-әрекетіне жағдай жасауға, орта қалыптастыруға ерекше мән береді [5].

Ойын – мектеп жасына дейінгі баланың іс-әрекеттінің негізгі түрі [6]. Бала дамуындағы ойынның маңызын қазақ ойшылдары, қаламгерлері мен ғалымдары (А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытұлы, М.Әуезов, С.Торайғыров, т.б) да өз еңбектерінде айтып кеткен [7]. Абай Құнанбайұлының «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?», Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Балалықтың жанына ойын азық», Нәзипа Құлжанованың «Балаға керегі – ойын. Ойында бала көрген-білгендеріне еліктейді, үйренгендерін нығайтып, бекітеді» деген пікірлерінен бала өмірінде ойынның маңызды орын алатындығын аңғара аламыз. Б.Арзанбаева, М.Меңдалиев, Х.Анаркулов, Б.Ерменова, С.Нурбекова, А.Алимбекова т.б. ғалымдар соңғы жылдары қазақ ұлттық ойындарының мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуына әсерін зерделеуде.

Танымал ғалым Л.С. Выготский мектепке дейінгі кезеңде ойынның дамудағы ерекше орнын ерекше атап көрсетеді. Оның пікірінше, ойын іс-әрекеттің жай ғана басым формасы емес, «белгілі бір мағынада мектепке дейінгі жаста дамудың жетекші бағыты болып табылады». Л.Выготский ойында баланың өзінің күнделікті мінез-құлқынан жоғары деңгейге көтерілетінін ерекше көрсетеді: «Ойында бала әрқашан өзінің орташа жас деңгейінен, әдеттегі мінез-құлқынан бір бас

жоғары тұрады» [6].

Ойынның бірнеше түрі бар. Соның ішінде шығармашылыққа негізделген ойындардың негізін сюжеттік-рөлдік ойындар құрайды. Бұл топқа сол сияқты құрылыстық-конструктивтік ойындар, драма әрекеті, театрландырылған қойылымдар, және күнделікті рөлдік ойындар жатады.

Бұл теориялық негіздер мектепке дейінгі білім беруде шығармашылық әдістерді қолданудың қажеттілігін дәлелдейді. Hornácková өз зерттеуінде мектепке дейінгі білім беру процесінде шығармашылық әдістерге драма ойыны, рөлдік ойын, импровизация және белсендіру әдістері жатқызды [8].

Драма әрекеті – мектеп жасына дейінгі балаларды жаңа біліммен және жарқын әсерлермен байытатын, әрі әдеби шығарма мен театрға деген тұрақты қызығушылықтарын оятатын балалар ойынының ерекше түрі. Драма әрекетінің басты мақсаты – балаларды білім алу, тәрбие процесінде белсенділіктерін арттыру, көңілдерін көтеру және ойната жүріп, тиімді оқыту [9]. Ойын барысында қатаң регламенттелген ережелердің болмауы балаларға түрлі жағдайларды, кейіпкерлерді және мінез-құлық үлгілерін өз қиялы арқылы құрастыруға мүмкіндік береді. Кейбір балалар шынайы өмір құбылыстарын бейнелеуге ұмтылса, енді біреулері қиял-ғажайып бейнелерге сүйенеді. Қиялды жүйелі түрде дамыту баланың қоршаған ортаны тереңірек тануына, жеке тәжірибесінің аясын кеңейтуге және шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік береді [10].

Рөлдік ойын – баланың шығармашылығын табиғи түрде дамытудың тиімді жолы. Ойын барысында балалар ересектердің рөлдерін сомдап, олардың әрекеттерін, әлеуметтік қарым-қатынастарын және қиялдағы кәсіби функцияларын қайталайды. Бұл әлемді зерттеудің, әлеуметтенудің құралы, әрі сөйлеуді, қиялды және эмоцияларды дамытудың тәсілі [11]. Рөлдік ойынның маңыздылығы баланы жақын даму аймағында дамытуға мүмкіндік береді, сөйлеудің реттеуші функциясын, ойын әрекетін жоспарлау, орындау және бақылау қабілетін дамытады. Рөлдік ойын мектеп жасына дейінгі кезеңде детекші әрекет бола отырып, баланың жаңа мағыналық жүйелерді меңгеруіне ықпал етеді. Сонмен қатар, баланың қазіргі әрі болашақтағы күрделі символдық әрекеттерді жүзеге асыруна мүмкіндік береді [12].

Импровизация – дайындықсыз әрекет ету, өз идеялары мен шығармашылық қабілеттерін еркін көрсету. Бұл әдіс шығармашылық ойлауды дамытуға арналған [8]. Импровизация баланың ойлауын ынталандырады, шығармашылық сұрақ қою процесін дамытады және баланың интеллектуалды батылдығы мен сыни ойлауын тәрбиелейді, бұл барлық жағынан баланың тұлғасын, даралығын және өзін-өзі тануын арттырады [13].

Мектеп жасына дейінгі кезеңде баланың болашақ тұлғалық дамуының негізгі бағыттары қалыптасады, осыған байланысты шығармашылық қабілеттерін дамыту ерекше мәнге ие. Сондықтан мектепке жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес қоршаған ортамен толыққанды өзара әрекет ете алатын шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу үшін оңтайлы жағдайлар жасалуы тиіс [14]. Мектеп жасына дейінгі балалар ойынды жақсы көреді, әрі стандарттан тыс ойлауға ие, бұл олардың шығармашылық әрекетінде де көрініс табуы мүмкін. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда педагогтар мен ата-аналарға ерекше рөл атқарады: олар даму ортасын дайындайды, тиімді әрі қызықты әдіс-тәсілдерді таңдайды және балалардың белсенді қатысуын қамтамасыз етеді [2]. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық әлеуетін толыққанды дамыту үшін педагогтің дәстүрлі және жаңа әдістерді қолдану шеберлігімен қатар, ойын әрекетін ұйымдастыру және басқарудағы қабілеті мен машығы, ойын барысында педагог пен бала арасындағы сенімді қарым-қатынасты құрылуы мен баланың эмоциялық жайлылығы, талаптарға сай заттық-дамытушы ортаның болуы, сондай-ақ балаларға таңдау еркіндігін беру, олардың бастамаларын қолдау және дербестігін дамыту сияқты шарттар орындалуы тиіс [15].

Ғылыми еңбектерде шығармашылық қабілет бірнеше негізгі компонент арқылы сипатталады: икемділік (flexibility), ой ұшқырлығы (fluency), түпнұсқалық (originality) және идеяны іске асыру қабілеті (elaboration) [2]. Сонымен қатар, шығармашылық жеке тұлғалық қасиеттер – өзіне деген сенімділік, батылдық, қызығушылық және ішкі мотивациямен тығыз байланысты [2].

Осы тұрғыда Бандураның өзіндік тиімділік (self-efficacy) тұжырымы да маңызды рөл атқаруы мүмкін. Өзіндік тиімділік – бұл адамның белгілі бір жағдайларда әрекет жоспарын қаншалықты сәтті жүзеге асыра алатынын анықтайтын сенімдер жиынтығы (Bandura, 1977). Қарапайым тілмен айтқанда, өзіндік тиімділік – адамның нақты бір жағдайда сәттілікке жету қабілетіне деген сенімі. Баланың шығармашылық тапсырмаларды орындаудағы өзіне деген сенімі жаңа идеяларды еркін ұсынуға, қиындықтарды жеңуге және батыл шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Өзіне деген сенімділік те, өзіндік тиімділік те туа біткен қасиет емес, ол адамның өмірлік тәжірибесі арқылы қалыптасады. Оның деңгейі адам өмірінің әр кезеңінде оң немесе теріс әсер етуі мүмкін. Тұлғаның өзін жоғары немесе төмен бағалауы оның табысқа жетуіне, тұлғалық дамуына әсер етеді [9]. Мектепке дейінгі кезеңде өзіне деген сенімділікті дамыту – баланың болашақ өміріндегі табысты дамуының негізі. Бұл сенімділікті дамытуда қолданылатын тиімді әдістердің бірі – драма әрекеті.

Қырғызстанда жүргізілген зерттеуде драма сабақтарының мектепке дейінгі балалардың өзіне деген сеніміне әсері қарастырылған [9]. Зерттеу нәтижесінде драма сабақтары балалардың өзіне сенім деңгейін едәуір арттыра алатыны анықталған. Авторлар драманың балалардың психологиялық дамуына, өзін-өзі бағалауға және әлеуметтік дағдыларының қалыптасуына оң әсер ететінін атап өтті. Бұл нәтижелер мектепке дейінгі білімде драмалық әдістерді қолданудың тиімділігін айқындайды.

Сонымен қатар, өзге де шетелдік зерттеулерде драма әдісінің тиімділігі қарастырылған. Мысалы, Gökhan Kayili және Zeuner Erdal жүргізген зерттеуде бес жасар балалардың драма арқылы проблемаларды шешу дағдыларының артқаны байқалды. Зерттеу барысында драма негізіндегі әңгімелеу әдісі арқылы проблемаларды шешу тренингі жүргізілді. Нәтижелер балалардың проблемаларды тану, шешім ойластыру және себеп-салдарлы байланысын анықтау қабілеттерінің жақсарғанын көрсетті. Сонымен қатар, бұл әдіс балалардың шығармашылық ойлауын және әлеуметтік дағдыларын дамытуға ықпал етті, олар өз эмоцияларын түсініп, құрдастарымен тиімді әрекеттесуді үйренді. Драма әрекеті мен әңгімелеу балаларды белсенді зерттеуші және шешім қабылдаушы ретінде қалыптастырады, осылайша проблемаларды шешу дағдыларының дамуына маңызды үлес қосады [16].

Басқа да зерттеулерде драма әрекетінің мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дамуына, әсіресе моторлық шығармашылығына оң әсер етендігі дәлелденген. Мысалы, Panagiotaki, Trouli және Linardakis жүргізген зерттеу драмаға негізделген арнайы бағдарламаның балалардың қозғалыстық еркіндігі, түпнұсқалығы және қиялын едәуір арттыратынын көрсетті. Зерттеуде драма әрекеті балалардың қиялын ынталандыратын, қозғалыс арқылы өзін еркін көрсетуге мүмкіндік беретін педагогикалық құрал ретінде қарастырылды. Сонымен қатар, драма арқылы қалыптасқан еркіндік пен түпнұсқалық уақыт өте келе әлсірегенімен, қиял компоненті ұзақ уақыт бойы сақталғандығы анықталған. Бұл мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дамуын жүйелі және үздіксіз ұйымдастыру қажеттігін көрсетеді [17].

Сонымен қатар, Susanne Walan және Ann-Britt Enochsson зерттеуінде әңгімелеу мен драма қойылымдарын үйлестіру арқылы балалардың күрделі тақырыптарды түсінуі мен сыни ойлау қабілеті дамитыны анықталды. Бұл нәтижелер драма әрекетінің балаларды белсенді зерттеуші, ақпаратты талдай алатын және сұрақ қоя білетін субъект ретінде қалыптастыруға ықпал ететінін көрсетеді. Осы тұрғыда драма әрекеті мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық

әлеуетін, интеллектуалды және әлеуметтік дамуын дамытуда маңызды әдіс болып саналады [18].

Непалда жүргізілген зерттеуде драма әрекеті мектепке дейінгі жастағы балалардың белсенділігін арттыруға және оқуға қызығушылығын күшейтуге әсер ететіні анықталды. Зерттеу нәтижесі рөлдік ойындардың балалар үшін қызықты әрі тиімді екенін көрсеткен. Драма қойылымдары мен рөлдік ойындар арқылы балалар білім алу процесіне белсенді қатысып, ұғымдарды терең және тиімді меңгерген. Алайда, зерттеу барысында уақыттың шектеулі болуы бұл әдісті тұрақты қолдануға кедергі келтіретіні анықталған. Кейде балалардың мінез-құлықтары білім беру үдерісіне кері әсерін тигізетіні көрсетілген [19].

Сондай-ақ, Rantina, Nurani және Pujiastuti жүргізген зерттеуде шығармашылық ойын мен балалардың шығармашылық дамуы арасындағы байланыс қарастырылды. Бала шығармашылығын дамытудағы ең күшті әсерлер ерте балалық шақта, ұжымдық мәдени контекстінде және драмалық ойындарда байқалды. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, драмалық ойын барлық ойын түрлерінің ішіндегі шығармашылыққа ең күшті әсер ететін тәсіл ретінде анықталды [20].

Бұл зерттеулерді талдай келе, драма әрекетінің мектепке дейінгі балалардың дамуына айтарлықтай ықпал ететіні анықталды. Драма балалардың шығармашылық ойлауын, проблемаларды шешу қабілеттерін және әлеуметтік дағдыларын нығайтады. Рөлдік ойындар мен драмалық әрекеттер балалардың өзіне деген сенімін арттырып, оқу процесіне белсенді қатысуын ынталандырады. Алайда, кейбір зерттеулерде уақыттың шектеулі болуы бұл әдістерді тұрақты қолдануға кедергі келтіретіні атап өтілген. Сол себепті драма әдістерін мектепке дейінгі білім беру үдерісіне тиімді енгізу үшін уақытты дұрыс жоспарлау және жүйелі қолдану маңызды. Осылайша, драма әдістері балалардың жалпы тұлғалық, интеллектуалдық және эмоционалдық дамуын қолдайтын тиімді педагогикалық әдіс болып саналады.

Қорытынды

Шығармашылық өмірдің барлық кезеңінде маңызды рөл атқарады және қоғамның дамуы мен өркендеуіне тікелей ықпал етеді. Yıldırım және Yılmaz атап көрсеткендей, шығармашылық ойлауды тиімді пайдалана білетін адамдар бар қоғамда әл-ауқат деңгейі жоғары болып, әркім өз қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес мүмкіндіктерге ие болады. Сонымен қатар, білім деңгейі мен шығармашылық қабілет арасында айқын оң байланыс бар екенін айтып өтеді. Осы тұрғыда, ғалымдар шығармашылықты дамыту мүмкіндіктерін ерте жастан бастап, балабақша кезеңінде қалыптастыру қажеттігін ұсынады. Мақала барысында қарастырылған зерттеу еңбектері Қазақстандық контекстінде де мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда драма әрекетінің әлеуетін зерделеуге бағытталған жүйелі әрі терең зерттеулер жүргізудің маңыздылығын айқындады.

Қорытындылай келе, ғылыми зерттеулер көрсеткендей, мектепке дейінгі кезең – баланың шығармашылық әлеуетінің қарқынды дамитын шешуші уақыт болып табылады. Бұл кезеңде қолданылатын педагогикалық әдістер баланың қиялын, ойлау икемділігін, эмоциялық тұрақтылығын және әлеуметтік дағдыларын тікелей қалыптастырады. Талдаған ғылыми еңбектер драма әрекетінің мектепке дейінгі білім беру үдерісінде шығармашылық дамуды қолдауда тиімді және маңызды екенін айқын дәлелдейді. Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйымдарда дамытушы органы құру барысында драмаға негізделген ойындарды, рөлдік әрекеттерді және шығармашылық импровизацияны белсенді қолдану қажет. Драманы педагогикалық тәжірибеге саналы түрде енгізу балалардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытып, тұлғалық өсуіне ықпал етеді. Мұның нәтижесінде балалар болашақта әлеуметтік белсенді, ойлау қабілеті дамыған және өзін еркін жүзеге асыра алатын тұлға болып қалыптасады.

Әдебиеттер тізімі

1. Sadikova D. Kh. Organization of creative activities in preschool education // European

International Journal of Pedagogics. – 2023.

2. Terekhova O. Y. Development of creativity of preschoolers in play activities // International Journal of Pedagogics. – 2022.

3. Yildirim A., Yilmaz E. Promoting creativity in early childhood education // PLOS One. – 2023.

4. Andrejeva R., Usca S. The possibilities of development of the child's creativity and entrepreneurship in a pre-school // Education. Innovation. Diversity. – 2023.

5. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 3 августа 2022 года №348. Приложение 1, 2022.

6. Vygotsky L. S. Play and its role in the mental development of the child. – 1966.

7. Жумабекова Ф. Н. Дошкольная педагогика. - Астана: 2014.

8. Hornáčková V. Drama play a creative method in preschool education // The International Conference on Education and Educational Psychology. – 2017.

9. Efilti E., Akmatalieva A. The effect of creative drama course in the preschool period on the development of children's self-confidence: views of families and teachers // Revista Conrado. – 2022.

10. Тукешова Л. Ж. Развитие творчества дошкольников // World Science. – 2016.

11. Sodiqova O. Investigating the effectiveness of using drama and role-play activities for enhancing young learners' oral communication skills in English // Educational Research in Universal Science. – 2023.

12. Bonilla-Sánchez M. R., García-Flores M. A., Méndez-Balbuena I., Silva-González J. G., Ramírez-Arroyo E. V. The benefits of role play in the development of drawing in preschool children // Frontiers in Psychology. – 2022.

13. Ghasempour A., Mozafar F. The Role of Creative Drama in Creativity Development of Children Aged 5 to 7 Years // International Journal for Modern Trends in Science and Technology. – 2019.

14. Nurbekova S., Saira A., Alimbekova L., Nurgaliyeva D., Aitzhanova R. Integrative approach to the quality of preschool education in the development of the creative potential of preschool children // World Journal on Educational Technology: Current Issues. – 2022.

15. Нурбекова С. М., Айтпаева А. К., Алимбекова А. А. Развитие творческого потенциала детей старшего дошкольного возраста в игровой деятельности. – Алматы: Казахский национальный университет имени Абая, 2023.

16. Kayılı G., Erdal Z. Children's problem solving skills: Does drama based storytelling method work? // Journal of Childhood, Education & Society. – 2020.

17. Panagiotaki A., Trouli K., Linardakis M. Dramatic play as a developmental means of preschool children's motor creativity. – 2023.

18. Walan S., Enochsson A.-B. The potential of using a combination of storytelling and drama, when teaching young children science // European Early Childhood Education Research Journal. – 2019.

19. Lama D., Dahal N., Sunar P. K. Drama-based pedagogy for preschoolers: A narrative inquiry of Nepali educators // Journal of Childhood, Education & Society. – 2024.

20. Rantina M., Nurani Y., Pujiastuti S. I. Creative play and creativity development: A three level meta data analysis of moderators (age, culture, play type) // F1000Research. – 2026.

References

1. Sadikova D. Kh. Organization of creative activities in preschool education // European International Journal of Pedagogics. – 2023.

2. Terekhova O. Y. Development of creativity of preschoolers in play activities // International Journal of Pedagogics. – 2022.

3. Yildirim A., Yilmaz E. Promoting creativity in early childhood education // PLOS One. – 2023.

4. Andrejeva R., Usca S. The possibilities of development of the child's creativity and entrepreneurship in a pre-school // Education. Innovation. Diversity. – 2023.
5. Gosudarstvennyj obshcheobyazatel'nyj standart doshkol'nogo vospitaniya i obucheniya. Prikaz Ministra obrazovaniya i nauki Respubliki Kazahstan ot 3 avgusta 2022 goda №348. Prilozhenie 1, 2022.
6. Vygotsky L. S. Play and its role in the mental development of the child. – 1966.
7. ZHumabekova F. N. Doshkol'naya pedagogika. - Astana: 2014.
8. Hornáčková V. Drama play a creative method in preschool education // The International Conference on Education and Educational Psychology. – 2017.
9. Efilti E., Akmatalieva A. The effect of creative drama course in the preschool period on the development of children's self-confidence: views of families and teachers // Revista Conrado. – 2022.
10. Tukeshova L. ZH. Razvitie tvorchestva doshkol'nikov // World Science. – 2016.
11. Sodiqova O. Investigating the effectiveness of using drama and role-play activities for enhancing young learners' oral communication skills in English // Educational Research in Universal Science. – 2023.
12. Sodiqova O. Investigating the effectiveness of using drama and role-play activities for enhancing young learners' oral communication skills in English // Educational Research in Universal Science. – 2023.
13. Ghasempour A., Mozafar F. The Role of Creative Drama in Creativity Development of Children Aged 5 to 7 Years // International Journal for Modern Trends in Science and Technology. – 2019.
14. Nurbekova S., Saira A., Alimbekova L., Nurgaliyeva D., Aitzhanova R. Integrative approach to the quality of preschool education in the development of the creative potential of preschool children // World Journal on Educational Technology: Current Issues. – 2022.
15. Nurbekova S. M., Ajtpaeva A. K., Alimbekova A. A. Razvitie tvorcheskogo potenciala detej starshego doshkol'nogo vozrasta v igrovoj deyatel'nosti. – Almaty: Kazahskij nacional'nyj universitet imeni Abaya, 2023.
16. Kayılı G., Erdal Z. Children's problem solving skills: Does drama based storytelling method work? // Journal of Childhood, Education & Society. – 2020.
17. Panagiotaki A., Trouli K., Linardakis M. Dramatic play as a developmental means of preschool children's motor creativity. – 2023.
18. Walan S., Enochsson A.-B. The potential of using a combination of storytelling and drama, when teaching young children science // European Early Childhood Education Research Journal. – 2019.
19. Lama D., Dahal N., Sunar P. K. Drama-based pedagogy for preschoolers: A narrative inquiry of Nepali educators // Journal of Childhood, Education & Society. – 2024.
20. Rantina M., Nurani Y., Pujiastuti S. I. Creative play and creativity development: A three level meta data analysis of moderators (age, culture, play type) // F1000Research. – 2026.

РОЛЬ ДРАМАТИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ПОДДЕРЖКЕ ТВОРЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ ДОШКОЛЬНИКОВ

ДАВЛЕТОВА А.С. , ЖАКИМ А. 

*Давлетова Аружан Серикбаевна – Магистрант, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, г. Актөбе, Казахстан

E-mail: arukka0407@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0007-6085-7152>

Жаким Асель – Доктор философии (PhD), старший преподаватель, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, г. Актөбе, Казахстан

E-mail: azhakim@zhubanov.edu.kz, <https://orcid.org/0009-0002-6093-2259>

Аннотация. Дошкольный возраст – это время интенсивного развития детского мышления, воображения и креативности. Творческое развитие детей отражается в игровой деятельности, языковых способностях, самостоятельности высказываний и гибкости в решении различных проблемных ситуаций. Развитие творческих способностей в дошкольном возрасте создает фундамент для дальнейшего успешного обучения и всестороннего развития личности. Сегодня творческое развитие детей важно, поскольку оно закладывает основу для критического мышления, способности к поиску нестандартных решений и эффективного социального взаимодействия в будущем. Именно поэтому развитие творческих способностей дошкольников рассматривается как одна из приоритетных и стратегически значимых задач современной системы образования.

В этой обзорной статье обобщены современные исследования, посвященные эффективным педагогическим стратегиям развития творческих способностей дошкольников. Особое внимание уделяется роли драматургии и ролевых игр в поддержке когнитивного, социально-эмоционального, коммуникативного и творческого развития детей. Цель исследования – выявить и теоретически обосновать роль драматической деятельности в творческом развитии дошкольников. Анализ научных работ позволяет определить влияние драматизации на когнитивное, социально-эмоциональное и коммуникативное развитие детей, а также раскрывает ее педагогические возможности в образовательной практике дошкольных организаций.

Ключевые слова: драма, игра, ролевая игра, творческое развитие, импровизация, уверенность в себе, социальные навыки.

THE ROLE OF DRAMA ACTIVITY IN SUPPORTING THE CREATIVE DEVELOPMENT OF PRESCHOOL CHILDREN

DAVLETOVA A.S. , ZHAKIM A. 

*Davletova Aruzhan Serikbaevna – Master's student, K. Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Kazakhstan

E-mail: arukka0407@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0007-6085-7152>

Zhakim Assel – Doctor of philosophy (PhD), senior lecturer, K. Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Kazakhstan

E-mail: azhakim@zhubanov.edu.kz, <https://orcid.org/0009-0002-6093-2259>

Abstract. The preschool age is a time of rapid development of children's thinking, imagination, and creativity. The creative development of children is reflected in their play activities, language abilities, independence of expression, and flexibility in solving various situations. The development of creative abilities in preschool age creates the foundation for further successful learning and comprehensive personal development. Today, children's creative development is crucial because it lays the foundation for critical thinking, innovative problem-solving, and effective social interaction in the future. Therefore, the development of creative abilities of preschoolers is considered one of the priorities and strategically significant tasks of the modern education system.

This review article synthesizes contemporary studies on effective pedagogical strategies for fostering preschool children's creative abilities. Special attention is paid to the role of drama and role-playing in supporting the cognitive, socio-emotional, communicative, and creative development of children. The purpose of the study is to identify and theoretically substantiate the role of dramatic activity in the creative development of preschoolers. The analysis of scientific papers enables the determination of the impact of dramatization on the cognitive, socio-emotional, and communicative development of children, and also reveals its pedagogical possibilities in the educational practice of preschool organizations.

Key words: drama, play, role-playing, creative development, improvisation, self-confidence, social skills.